**"2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 746 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 64-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

««Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), ҚМ»;

реттік нөмірі 67-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 97-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

««Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), ҚМ»;

Ескертпеде:

«ҚНРА – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу

мен қадағалау агенттігі» және «АӨҚО – Қазақстан Республикасындағы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі» деген жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ – «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына:

Ермегияев Талғат Амангелдіұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі,

Мұсаханов Анзар Тұрсынханұлы - Алматы облысының әкімі

енгізілсін;

мына:

«Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы - Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі, Комиссия төрағасы»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы - Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы, Комиссия төрағасы»;

көрсетілген Комиссия құрамынан Т.М. Досмұхамбетов, С.Ә. Үмбетов шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК